

УДК 327.8

**«ИРАН-АҚШ КОНФЛИКТІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ МЕН ДАМУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ ПОЗИЦИЯСЫ»**

Усентаев Мурат Белтайұлы

usentaev@list.ru

Халықаралық қатынастар факультетінің «Халықаралық қатынастар»

кафедрасының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Екі мемлекеттің арасындағы конфликт сонау Екінші Дүниежүзі соғысы кезінде басталып отыр. Бұл қақтығыстың шығу себептері мен Иран стратегиялық маңызды ел болғандықтан,

сол қақтығысқа әлем елдерінің араласуы және әр позицияның өзіндік мүддесіндегі ерекшеліктері.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде американдықтардың Иранға экспансиясының күшеюі байқалды, себебі бұл ел КСРО-ға Ленд-Лиз жеткізілімінің дәліздерінің біріне айналды[1]. Иранда бірқатар американдық нысандар салынып, американдық әскери базалары орналастырылды. 1945 жылы желтоқсанда «Тегеранға АҚШ-тың Ирандағы федералды мүлкін арзан бағамен сату» және «Иран қарызын Ленд-Лиз бойынша реттеу туралы» америка-ирандық екі келісім жасалды. Несие-лизинг бойынша қарыз 8,5 миллион доллар төленетіні анықталды [1].

1953 жылы АҚШ пен Ұлыбритания барлау қызметтерінің қатысуымен демократиялық жолмен сайланған премьер-министрге қарсы төңкеріс болды. 1978 жылы Иранда Ислам революциясы болып, нәтижесінде шах елден кетуге мәжбүр болды, ал радикалды дінбасылар билік басына келді[2]. 1980 жылы Тегерандағы АҚШ елшілігінің қызметкерлері ұрланғаннан кейін Америка Құрама Штаттары Иранмен дипломатиялық қатынастарын үзді. Қазіргі уақытта АҚШ үкіметінің Иранмен дипломатиялық немесе консулдық қатынасы жоқ[2].

Америка Құрама Штаттары үнемі Иранның ядролық бағдарламасы, Иранның терроризмді қолдауы және Иранның адам құқығын бұзу мәселелеріне алаңдаушылық білдірді. АҚШ пен халықаралық қауымдастық Иранға қарсы санкциялардың кең тізімін Иранды халықаралық қауымдастықпен келіссөздерді бастауға және оның ядролық бағдарламасына қатысты мәселелерді шешуге мәжбүр ету үшін қолданды. Ирандық мемлекеттік риторикасында бірнеше рет Израиль мемлекетінің өмір сүру құқығына күмән келтірді, сонымен қатар ХАМАС, Хезболла және Палестинаның исламдық джихады сияқты топтарға қару-жарақ беру арқылы Таяу Шығыстағы жанжалды шешуге кедергі келтірді[3].

2015 жылдың қыркүйегінде Иран Президенті Хасан Рухани БҰҰ Бас ассамблеясында сөйлеген сөзінде АҚШ-ты «террористік саясатын» сынға алды. Иран лидері Американың Ирак пен Ауғанстанға басып кіруін, сондай-ақ «сионистік режимнің Палестина халқына қысым жасауын қолдауын» айтты. Ол Иранның ядролық бағдарламасына байланысты салынған санкцияларды әділетсіз деп атады[4].

2019 жылы 20 маусымда Иран әуе күштері Ормуз бұғазы маңында американдық пилотсыз аппаратын атып түсірді. Иранның хабарлауынша, АҚШ-тың ұшағы Иранның әуе кеңістігін бұзды[5]. Ал АҚШ-тың мәлімдеуінше, аппараты халықаралық әуе кеңістігінде ұшып, Иран шекарасын бұзған жоқ. Америка Құрама Штаттары Ирандағы үш әскери нысанаға ракета жіберу арқылы жауап қайтаруды жоспарлады, дегенмен Дональд Трамптың айтуынша, ол шабуылға 10 минут қалғанда өз шешімін өзгертті[6].


2020 жылы 3 қаңтарда Дональд Трамптың бұйрығымен АҚШ әскери-әуе күштері Багдад әуежайына шабуыл жасады. Әуе шабуылынан Аль-Кудс арнайы күштері мен Ислам революциясы Сақшылар корпусының басшысы генерал Касем Сүлеймани қаза тапты. Араб көктемі тарихы және Таяу Шығыстың геосаясаты бойынша сарапшы Сет Джонс бұл қастандық АҚШ пен Иран арасындағы қақтығысты жаңа деңгейге шығарады деп санайды[7]. Бұған жауап ретінде 2020 жылы 8 қаңтарда Иран АҚШ-тың Ирактағы әскери нысандарына зымырандық шабуыл жасады[8].

Біз білетіндей, бұл конфликт тек Иран мен АҚШ арасында болғанымен, жанама қызығушылықтар танытқан бірнеше мемлекеттер бар. Төмендегі кесте бойынша әр мемлекеттің мақсаттары мен позицияларын байқай аламыз:


*Кесте 1. Әлем елдерінің мақсаттары мен позицияларының салыстырылуы.
(Дереккөз:автормен құрылған)*

Мемлекеттер	Мақсаттары мен позициялары
Иран	АҚШ (НАТО) тарабынан экономикалық санкцияларды қысқарту неме мүлдем жою; Ядролық қару бойынша екін әрекеттер жасау (Ядролық державаға айналғысы келеді); Израильді мемлекет ретінде мойындамау, бұл мемлекетке Араб елдері арасында қарсы қарулы әрекеттер жасау.
АҚШ	Иранның ядролық қару бағдарламасына қарсы саясат қолдану; НАТО мемлекеттерін Иранға және басқада араб мемлекеттеріне қарсы әрекеттер жасасуға көпдіру; Израиль үкіметін қолдау, сол арқылы Таяу Шығысқа өз ықпалын жүргізу; Ирандағы адам құқығы мәселесі бойынша қарсылықтар білдіруі
Ирак	Иран мен Ирактың арасы айтарлықтай жақсы болмағанымен, екеуінің ортақ жауы АҚШ-қа қарсы мүдделері ортақ; АҚШ-тың жасырын шабуылдарына қарсы тұру;
Германия	Германия үкіметі АҚШ-тың Сулейманиді өлтіруі операциясы халықаралық құқық нормаларына қайшылетінін ашық жариялаған болатын. Германия АҚШ пен одақтас болғанына қарамастан, бұл жолы оған қарсылық танытты.
Ресей	Иран көптеген араб мемлекеттеріне үстемдік жүргізгендіктен Ресейге бұл ұтымды болады, себебі, егер АҚШ пен Иран арасында соғыс болып, сонда Иран жеңілетін болса, араб аумағында тек Иран ғана үстемдіктен айырылмайды, сонымен қатар Ресейгеде үстемдік жүргізу қиынға соғылу мүмкін. Сол себептен бұл конфликттің болмауы Ресей үшін барлық салалар бойынша ұтымды. Иран Ресей үшін Азиядағы стратегиялық маңызды зона болағандықтан Ресей Иранға қару сату, басқада гуманитарлық көмек көрсетітіні анық.
Қытай	Қытай үшін Иран халықаралық аренада басты қару саудасындағы тұтынушыларының бірі болып отыр, сол себептен Қытай тарабы Иранды қолдайды. Одан бөлек Қытай мен АҚШ арасындағы экономикалық соғыстарға жауап ретінде Иран үкіметіне қолдау көрсету мүмкіндігінде ескеру керек.

*Схема 1. Социоматрица нәтижелерінен шыққан халықаралық желі
(Дереккөз: автормен құрылған)*



ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



Қорытындылай келе, қарастырып отырған АҚШ пен Иран қақтығысының басты шығу себептері, экономикалық және әскери салаларында – АҚШ-тың Ирандық ядролық қару бағдарламасына қарсы саясаты мен радикалды ұйымдар мәселелеріне қатысты НАТО арқылы көптеген сауда санкцияларын жариялауы. Одан бөлек Иранның Ресей мен Қытайға жақындығы (Ресей мен Қытай АҚШ-тың әлемдегі көптеген салалар бойынша басты қарсыластары) және әртүрлі өркениет өкілдерінен болғандықтан, бір-бірін мойындамау мәселелері де байқалып отыр.

Бұл екі мемлекеттердің арасындағы қақтығыстар сонау Екінші Дүниежүзі соғысы кезінен келе жатыр. Сонғы уақыттарда байқалғандай екі мемлекеттер арасында ядролық қару, адам құқығы мен бостандығы және т.б. мәселер бойынша өрши түсуде. Бұл конфликт жылы жабылып қойғаны таңғажайып жағдай болды десек те қателеспейміз. Бірақ болашақта конфликт қайта жандануы әбден мүмкін. Оған мемлекеттер нақты бір тараптың жағына

шығудың орнына нейтралитетті сақтай отырып, делдалдық қызмет арқылы жан-жалды шешуге тырысу керек. Одан бөлек халықаралық ұйымдардың жұмысы үлкен маңызға ие болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Юнгблюд В.Т., Воробьева Т.А., Збоев А.В., Калинин А.А., Костин А.А., Смольняк И.В., Чучкалов А.В. Қарама-қарсы бағыттарда: КСРО мен АҚШ саясаты Балканда, Таяу және Таяу Шығыста 1939-1947 жж. - Киров, 2014. - 392 б
2. Юнгблюд В.Т., Воробьева Т.А., Збоев А.В., Калинин А.А., Костин А.А., Смольняк И.В., Чучкалов А.В. Балканда, Таяу және Таяу Шығыста 1939-1947 жж. - Киров, 2014. - S. 396
- 3.Смайлик в чалме, Лента.ру (22 қазан, 2013 ж). <https://lenta.ru/articles/2013/10/22/negotiations/>
- 4.Иран президенті АҚШ-ты терроризмге айыптап, ядролық келісімді мақұлдады. Айтылған күні, 3 қазан 2015 ж. <https://lenta.ru/news/2015/09/28/rouhani1/>
- 5.Иран АҚШ-тың дронын Парсы шығанағының үстінде құлатты. (20 маусым, 2019). Айтылған күні: 2019 жылғы 25 маусым. <https://www.vedomosti.ru/politics/news/2019/06/20/804636-iran-shpionskii-bespilotnik-ssha-zalivom>
- 6.Трамп Иранмен ядролық келісімді мақұлдаудан бас тартуы <https://www.bbc.com/russian/news-41616875>
- 7.Foreign Policy: Солейманини өлтіру АҚШ пен Иран арасындағы жанжалды жаңа деңгейге көтереді <https://russian.rt.com/inotv/2020-01-03/Foreign-Policy-ubijstvo-Sulejmani-vivodit>
- 8.IRGC Америка Құрама Штаттарына қарсы «Сүлеймани шейіт» операциясын бастады. lenta.ru. Айтылған күні: 8 қаңтар 2020 ж. <https://lenta.ru/news/2020/01/08/ksir/>